

Бекітемін: Л.Х.Еспанова  
Т.Жұргенов атындағы ЖОБМ директоры



Келісемін: Н.Б.Құдайбергенов  
Тәрбие ісінің орынбасары  
*06.09.2023 ж.*

**Т.Жұргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі**  
**Тәрбие жұмысы жоспары**

**Сыныбы: 6 «Б»**

**Сынып жетекші: Телгарина М.Б**

**2023-2024 оқу жылы**

## ТҮСІНІК ХАТ

Өскелен жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздін келешегіміз – жас ұрпак, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәнгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік түрғыдан барынша қамтамасыз ету, толықканды білім алушына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мұдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл ұлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанның құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын накты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толықканды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сінірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты қөзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сінірген еңбеккор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

### Міндеттері:

1. Ата-ананың өсietін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазак тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымак және ел біrlігін сактауга, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абырайлыбулуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, камкорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулыкты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрактылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен карауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және енбеккорлыққа баулу.

### Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «карашанырак», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, ұлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятын жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаган ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және онынбірегей болмысын таниды және адал енбекті жоғары бағалайды.

## **Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

### **Ұлттық мүдде құндылығы:**

- Ұлттық мұрага ұқыпты қарau
- Қазак тілінің қолдануасын кеңейту;
- Қазақстан мұддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;

### **Күтілетін нәтижесі:**

- Отанышыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық миравы, мәдениетті дәріптейді

### **Ар-ұят құндылығы:**

- Адал енбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Әдел нормаларын ұстану;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне камқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

### **Күтілетіннәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

### **Талапқұндылығы:**

- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу; .

### **Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Коршаган орта тазалығын сақтайды;

## ҚЫРКҮЙЕК –БІЛІМ АЙЫ

- 1қыркүйек-Білім күні,сыны псағаттары
- 5қыркүйек-А.Байтұрсынұлының туган күніне арналған «Тіл тазалығы»тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі,ақын,ойшыл,гұлама Қожа Ахмет Ясаудің туганына 930жыл
- Қазақ әдебиетінің ХХасырдағы жарық жүлдөздарының бірі,жазушы,драматург Жазушы Оралхан Бекейдің туганына 80жыл

№	Iс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР:ТАЛАП,АР-ҰЯТ,ҰЛТТЫҚ МУДДЕ (ОТАН)</b>					
1	1 қыркүйек-білім күні «Мектеп мейірім мекені»	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	«Менің алғашқы ұстазым»республикалық онлайнакциясы #Bilim_quniheshtegi	Аудандық білім бөлімі	4.09
3	Ұлттық құндылық тәрбие көзі	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		11.09
4	Жол ережесін білеміз бе?	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектеп инспекторы Сынып жетекші	18.09
5	Өз күкіғынды білесің бе?	Сынып сағаты			25.09

## ҚАЗАН-АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1қазан –Карттар күні
- 5қазан –Мұғалімдер күні
- 25қазан –Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туганына 145жыл
- Алаш жүрттының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклорши, ғұлама ғалым Мәшінур-Жүсіп Көпеевтің туганына 165жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихи, композитор Шәкәрім Қудайбердіұлының туганына 165жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақәдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жусінбек Аймауытовтың туганына 135жыл
- Алаш қозгалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жүлдізы Магжан Жұмабаевтың туганына 130жыл
- Қазақ халқының ХХғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-оїшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туганына 130жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекетжөнө қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туганына 130жыл

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыруды түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдары мен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ(ОТАН)</b>					
1	Еңбек түбі береке	Сынып сағаты	«Білімге ұмтылу, Еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім»,		2.10

			«Менің алғашқы ұстазым» респубикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хәштегі		
<b>2</b>	Ұстаз аты биік әрі мәңгілік	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		<b>9.10</b>
<b>3</b>	Көк тудың желбірегені	Сынып сағаты		Шаңырақ қауымдастыры Сынып жетекшілері	<b>16.10</b>
<b>4</b>	Том Сойер Стивеннің басынан кешкендер і	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектеп кітапханашылары Сынып жетекші	<b>23.10</b>

## ҚАРАША-ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15қараша-Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

Nº	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МУДДЕ(ОТАН)</b>					
1	«Досы жаксының өзі де жаксы»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		6.11
2	Буллингке жол жоқ	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		13.11
3	Мен қандаймын	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектеп психологтары Сынып жетекші	20.11
4	Денсаулық зор байлық	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мектеп медбикесі Сынып жетекші	27.11

## ЖЕЛТОҚСАН—«ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫ ДАЛА ЕЛ»

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

<b>№</b>	<b>Іс-шараның атауы</b>	<b>Ұйымдастыру түрі</b>	<b>Аяқталу нысаны</b>	<b>Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы</b>	<b>Мерзімі</b>
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МУДДЕ(ОТАН)</b>					
<b>1</b>	«Ерлігін ұрпақ есінде»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		<b>4.12</b>
<b>2</b>	«Тәуелсіз елдің ұланымын»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		<b>12.12</b>
<b>3</b>	««Еңбеккорлық және оның табысқа әсері»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		<b>25.12</b>

## АҚПАН-ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

<b>№</b>	<b>Іс-шараныңатауы</b>	<b>Ұйымдастыру түрі</b>	<b>Аяқталу нысаны</b>	<b>Білім беру үйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы</b>	<b>Мерзімі</b>
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР:ТАЛАП,АР- ҰЯТ,ҰЛТТЫҚМУДДЕ(ОТАН)</b>					
<b>1</b>	«Бес нәрсеге асық бол!»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		<b>5.02</b>
<b>2</b>	Әдепті бала арлы бала		Суреттер		<b>12.02</b>
<b>3</b>	Интернетке қаншалықты тәуелдісің	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		<b>19.02</b>
<b>4</b>	Зорлық зомбылықсыз балалық шак	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		<b>26.02</b>

## НАУРЫЗ-ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1наурыз–Алғыс айту күні
- 8наурыз–Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23наурыз–Наурыз мейрамы
- 27наурыз –Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараныңатауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастырутүрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАРАП-АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚМУДДЕ(ОТАН)</b>						
1.	Ата баба дәстүрі		Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		4.03
2.	Отбасы алтын дінгек	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		11.03
3	«Наурыз – жыл басы»	5-9 сыныптар	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		18.03

## СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

➤ 12 сәуір – Фылым күні

№	Іс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік Органның атауы	Мерзімі
<b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МУДДЕ(ОТАН)</b>					
1.	«Дәрумендер – денсаулық кепілі»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		01.04
2.	«Фарыш әлемі»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		8.04
3.	«Күстар біздің досымыз»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		15.04
4.	«Күкік әлемінде»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		22.04

5	«Табиғат тал бесігім»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		29.04
---	-----------------------	--------------	-------------------------	--	-------

## МАМЫР-БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1мамыр-Казақстан халықтарының бірлігі күні
- 7мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9мамыр-Жеңіс күні
- 31мамыр-Саяси құғын-сурғін және ашарышылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын,жазуышы,философ,тарихши,композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Iс-шараның атауы	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Сыныппен бірлесіп жұмыс жасайтын	Мерзімі
---	------------------	------------------	----------------	----------------------------------	---------

### ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МУДДЕ(ОТАН)

1.	«Үрпақтар ұмытпайтын Ұлы жеңіс!»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		6.05
2.	«Мектеп мұлқі, өз мұлқін»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		13.05

3.	«Салауатты өмір, көтеріңкі көніл»	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары		20.05
----	-----------------------------------	--------------	-------------------------	--	-------

## **1. Бағыты: жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықтың тәрбиесі**

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүрге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Міндеттері: Отанға, мемлекеттік құрылымына, мемлекеттік саясатқа, мемлекеттік идеологияға; КР Конституциясы мен заңнамасына, мемлекеттік рәміздерге (елтанба, әнұран, ту), құқықтық тәртіпке; 11 елдегі ұлтаралық және конфессияаралық келісімге, халықтар достығына; өз елінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму саласындағы жетістіктеріне;

басқа адамның құндылықтарына, құқықтары мен бостандығына;

өз өлкесінің (ауыл, қала, шағын аудан) табиғатына, мәдени-тариҳи өміріне;

құқықтық білімге және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқына;

заң талаптарына, құқықтары мен міндеттеріне; әлеуметтік құндылықтарға құрметпен қарау, мактандың сезімін және жауапкершілік таныту.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1.	«Еліміздің асыл тірегі-рәміздер»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	05.12
2.	«Өз құқығындағы білесінбей?»	Әңгімелесу	Сынып жетекші	07.11
3.	«Тәуелсіздік- ел тірегі»	Ганым сабагы	Сынып жетекші	12.12
4.	Женіс туы желбіре	Сынып сағаты	Сынып жетекші	08.05

## **2. Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие**

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани- адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Міндеттері:

мораль мен этиканың көпшілік мақұлдаған нормаларына; өзінің қасиетіне, арына және парызына; ішкі бостандығына және адамгершілік шешім қабылдауына;

өзінің және өзге де халықтардың мәдениетіне, дәстүріне, әдет ғұрпына; 12 діні құндылықтарға; ой, сөз және іс бірлігіне; өзінің мінез-құлқын жетілдіруге; ар-ұжданымен орындалған қылыштарға; түрлі мәдениет пен нағымның бірлігіне; адамдарға риясyz қызмет етуіне; өз ата-анасы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
5	«Ұстазым қамқоршым»	Мерекелік күттіктау	Сынып жетекші Сынып оқушылары	3.10
6	«Қоғамдық орындарындағы этикет ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекші Сынып оқушылары	05.09
7	«Нұр себеле ұлыстың ұлы күні»	Мерекелік шара	Сынып жетекші Сынып оқушылары	13.03

8	«Ана тіршілік бастауы»	Тәрбие сағаты	Сынып жетекші	06.03
9	«Сыйластыққа себеп көп»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	23.01

### 3. Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазак халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау.

Міндеттері:

этникалық өзіндік санаға, этникалық сәйкестікке; мемлекеттік тілді және ана тілін меңгеруіне; өз халқының мәдени мұрасына;

қазақ халқының және өз халқының дәстүрлері мен әдеб-ғұрпына;

Қазақстанның этномәдениетіне; этносаралық бейбітшілік пен келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
10	«Бірлігіміз жарасқан елмі!»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	24.10
11	«Тілім менің тірегім-соғып тұрған жүргегім»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	19.09
12	«М.Әуезовтың 125 жылдығы»	Сынып сағаты	Сынып оқушылары	15.05
13	«Қазыбек бидің 355 жылдығы»	Әңгіме	Сынып жетекші	22.05

### 4. Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Міндеттері:

этноәлеуметтік рөлдерге; өз отбасына және ұрпақ жалғастыруға; адамгершілік қағидаларын қолдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты карау

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
14	«Тәрбие басы-тал бесік»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	09.01
15	Әке асқар тау	Эссе жазу	Сынып жетекші	22.02
16	«Отбасы – тәрбие бастауы»	Сынып сағаты	Сынып жетекші	12.09

### 5. Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлаудың және экологиялық мәдениетін дамыту

Міндеттері:

мемлекеттің экологиялық даму саласы бойынша саясатына, атап айтқанда «Жасыл экономика» бағдарламасына;

экологиялық сауаттылыққа, табигатқа, коршаған адамдарға және өзіне; «адам-қоғам-табигат» жүйесіне; табигатты пайдалану және қоршаған ортанды қорғау саласындағы әр түрлі қызметке; кәсіби білім мен өнімді енбекке; нарықтық экономика заңдарына құнчты және позитивті көзқарас қалыптастыру; экологиялық қауіпсіздік тәртібінің нормаларын сақтауга;

еңбек қызметінде мақсатқа қол жеткізуге; мамандық таңдауына; үздіксіз білім негізінде кәсіби жинақылыққа саналы қатынас таныту.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
17	Адам денсаулығына өрттің келтіретін зияны	Сынып сағаты	Сынып жетекші	17.10
18	Күнделікті өмірдегі өрт қауіпсіздігі	Әңгімелейу	Сынып жетекші	21.11
19	Мерекелік шаралар өткізу дегі өрт қауіпсіздігі	Сынып сағаты	Сынып жетекші	13.02
20-21	Өрт сөндіру құралдары	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші	24.04 (01.05)
22	Тамақтану рационы	Әңгімелейу	Сынып жетекші Әлеуметтік педагог	14.11
23	Еңбек бәрін де женбек	Дөңгелек үстел	Сынып жетекші	03.04

#### **6. Бағыты: Интеллектуалды тәрбие, акпараттық мәдениетті тәрбиелу**

Мақсаты: Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ акпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін үәждемелік кеңістік қалыптастыру.

Міндеттері:

әмір бойы білім алуына; өздігімен білім алыу және алған акпаратты пайдалану біліктілігіне;

сыни түргыдан ойлау, талдау және алған акпаратты тиімді пайдалану қабілетіне;

зерттеушілік және жобалық қызмет біліктерін, инновацияға қабілеттілікті менгеруіне; пікірталас журғізу дағдыларына; жасампаз қызметке; топтағы жұмысқа, корпоративтік рухты нығайтуға; акпарат көздерін сыни іріктеуге;

Интернет-қауымдастығына қосылу дәрежесіне; Интернеттегі девиантты мінез-құлықка қарсылық білдіру;

Интернет-сауаттылық қалыптастыруға; акпараттық қызметте және байланыс жасауда этикалық нормаларға; жоғары акпараттық мәдениет қалыптастыруға ұмтылу және қызығушылық білдіру.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
24	«100 кітап жобасы» Кішкентай шахзада	Сурет көрмесі	Сынып жетекші Кітапханашылар	28.11
25	«Ұялы телефонның пайдасы мен зияны»	Шыгарма, сурет көрмесін ұйымдастыру	Сынып жетекші	06.02
26	«100 кітап жобасы» Шатақ қыздың шатпақ күнделігі	Сынып сағаты, көрініс	Сынып жетекші Сынып оқушылары	27.02
27	«100 кітап жобасы» Абайдың қара сөздері. А.Құнанбаев	Ашық сабак	Сынып жетекші	17.04

## **7. Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие**

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлыш дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, менгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру үйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Міндеттері: толеранттық және ғаламдық пікірге; көпмәдениеттілік және көптілділікке; мемлекеттік тілді, орыс, ағылшын және өзге тілдерді білу; мәдениетаралық әрекетке; қоғамда және қоғамдық орындардағы жалпыға ортақ мінез-құлыш нормаларына; қарым-қатынас мәдениетіне; эстетикалық мұраттарға, көркемөнер құндылықтарына; шығармашылықпен ойлауға және киялға, шығармашылық-эстетикалық қызметті қалыптастыруға қызығушылық, ұмтылыс таныту

№	Тәрбие жұмысының атаяуы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
28	«Төрлет, құтты жаңа жыл!»	Мерекелік шара	Сынып жетекші Сынып оқушылары	26.12
29	«Роза Бағланованың 100 жылдығы»	Танымдық сабак	Сынып жетекші	29.05

## **8. Бағыты: дene тәрбиесі, салауатты өмір салты**

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дene дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Міндеттері:.

денсаулық жағдайының скринингіне; әлеуметтік мақсаттар мен рухани қажеттіліктерге; теріс ықпалдарға карсы тұрудың тиімді тәсілдерін менгеруге; табиги қабілеттерді орынды пайдалануға; денсаулық сақтауга және нығайтуға, қауіпсіз және жауапты мінез- құлышқа; өмірдегі жаңа жағдайларға сабырлылыққа; қауіпсіздік және өмір сүру әрекетін қамтамасыз етуге; денсаулық сақтау ортасын құруға тілегі және даярлық білдіру.

№	Тәрбие жұмысының атаяуы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
30	Жол көлік оқиғаларының себептері . Жол ережесін білу бәріңе міндет	Сынып сағаты	Сынып жетекші	10.10
31	Қосымша секциялары бар бағдаршам белгілері	Сынып сағаты	Сынып жетекші	26.09
32	Жол белгілері және олардың мақсаты	Сынып сағаты	Сынып жетекші	19.12
33	Жүргізуши еңбегінің ерекшеліктері және оның негізгі міндеттері. Қоғамдық көлік	Сынып сағаты	Сынып жетекші	16.01
34	Велосипедте жүру	Сынып сағаты	Сынып жетекші	27.03
35	Жаракаттанғандағы алғашқы көмек көрсету ережелері	Сынып сағаты	Сынып жетекші	10.04

Бекітімін:   
Мектеп директоры: Л.Х. Еспанова

Келісемін:   
Директордың тәрбие ісі жөніндегі  
орынбасары: Н.Б. Құдайбергенов

**Т. Жүргенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі**  
**Тәрбие жұмысы жоспары**

Педагог: Телгарина Мира Бердибаевна  
5 «Б» класс

2022-2023 оку жылы

## 2022-2023 оку жылындағы 5 «Б» сыныбының тәрбиес жұмысының талдауы

Тәрбиес жұмыс жоспары оку жылының басында бекітілді. Тәрбиес жұмыстары бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілді.


Бағыты: **Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбиес бағытында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Адалдық сағаты», «Мениң Отаны Қазақстан» тақырыптарында тәрбиес сағаттары өткізілді. «Еліміздің асыл тірегі -рәміздер», «Тәуелсіздік- ел тірегі», «Женіс туы желбіре» атты тәрбиес сағаттарында окушылар құндылықтарға құрметпен қарауга, мемлекеттік рәміздерге жауапкершілік таныту мақсатында әнгімелесу, танымдық сабактары өткізілді. 13 желтоксан 2022 жылы Республикалық Жас Ұлан ұйымына қабылданды.**



«Рухани- адамгершілік тәрбиес» бағытында: «Ұстазым қамқоршым», «Ана тіршілік бастауы», «Сыйластыққа себеп көп» тәрбиес сағаттарында өз ата анысы, Отан, қоғам алдындағы парызына адамгершілік сезім білдіру сынып сағаттары өтті.



Ұлттық тәрбиес бағыты: бойынша мемлекеттік тілді және ана тілін менгеруіне, қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрпына, мақтаныш сезім және жауапкершілік таныту мақсатында «Бірлігіміз жарасқан елміз!», «Тілім менің тірегім -соғып тұрган жүрегім», «Қазыбек бидің 355 жылдығы » туралы сынып сағаттары өткізілді.



**Отбасылық тәрбие бағыты:** бойынша «Тәрбие басы тал бесік», «Әке аскар тау», «Отбасы тәрбие бастауы» тәрбие сағаттарында адамгершілік қағидаларын колдау арқылы отбасы және неке құндылықтарына құрметпен, ұқыпты карауға түрлі тапсырмалар беріліп ой қозғалды. «Әке аскар тау» тақырыбында әкелері туралы сөз қозғап, эссе жазды. «Әкешім бәйтерегім» спорттық сайысина Қапан Нұрбақыт пен Төретаев Арсен әкелерімен катысып, жулделі орындармен марапатталды.



**Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** бойынша адаптациялық пайдалы мәдениетті тәрбиелеу бағытында: «Үялы телефонның пайдасы мен зияны» интернет сауаттылық қалыптастыру арқылы этикалық нормаларды сақтау, «100 кітап жобасы» «Кішкентай ханзада» атты кітабы қорытындыланып, сурет көрмесі арқылы оқушылардың білімге деген күштәрдің одан сайын оятуға септігін тигізді. «Абайдың қара сөздері» атты тәрбие сағатында оқушылар қара сөздерді жатқа оқыды.

**Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағытында:** «Үялы телефонның пайдасы мен зияны» интернет сауаттылық қалыптастыру арқылы этикалық нормаларды сақтау, «100 кітап жобасы» «Кішкентай ханзада» атты кітабы қорытындыланып, сурет көрмесі арқылы оқушылардың білімге деген күштәрдің одан сайын оятуға септігін тигізді. «Абайдың қара сөздері» атты тәрбие сағатында оқушылар қара сөздерді жатқа оқыды.



**Бағыты: Көпмәдениеттік және көркем эстетикалық тәрбие шығармашылықпен ойлауға және киялға, шығармашылық эстетикалық қызығушылық, ұмтылыс таныту «Роза Бағланованаң 100 жылдығы» танымдық сабак және «Төрлет, құтты Жаңа жыл!» атты мерекелік шара ұйымдастырылды.**



**Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағытында:** «Жол ережесін білу бәріңе міндеп», «Жол белгілері және олардың маңызы», «Велосипедте жүру» денсаулық сақтауга, қауіпсіздік және өмір сұру әрекетін камтамасыз етуге, денсаулық сақтау ортасын құру мақсатында тәрбие сағаттары өтті.

Ата аналармен жұмыс жоспар бойынша жүргізіліп, ата аналар жиналышы өткізілді. Оқу жылының басында сынып жетекшісі әр окушының үйіне барып, әлеуметтік тұрмыстық жағдайы туралы хабардар болып отырды. Жиналышта сынып ата аналарына «Ата аналарға арналған этикалық кодекс және міндептерімен» жадынама таныстырылды. Ата аналар комитеті сайланды. «Тәрбие отбасынан басталады», «Бала бойындағы адамгершілік қасиетті қалыптастырудың ата анының беделі» тақырыптарында ата аналар жиналышы өткізілді. Ата аналармен түрлі тренингтер, мектеп медбикесімен кездесулер ұйымдастырылды. **«Kundelik kz»** арқылы окушылардың білім сапасын ақпараттандыру жүргізілді. Ата аналардың сынып жетекшімен тығыз байланыста болуы керектігі ескертілді.

Қорытындылай келе, осы оқу жылындағы койылған тәрбие мақсаты жүзеге асты. Ата аналар мен педагог арасында бірлескен жұмысының нәтижесін жеткізу мақсатымен барлық тәрбие сағаттары мен ата аналар жиналыштары уақытында қанағаттанарлық деңгейде өтті.



**З орын**



**Мектепшілік пәндік олимпиада женимпаздары**



**Апталықта**



**Бас жүлде**



**Наурыз жыл басы**



**Көрісу айт мейрамы**



2022-2023 оқу жылының оқу үздіктері



Жаратылыстану апталығы женімпаздары



Нравится lazzatesrapanova и еще 21  
t.zhubenov\_mektebi Мектепшілік жоспарға сәйкес  
“КАУПСІЗ ГАЛАМТОР” тақырыбында 5 кластар  
арасында сурет байқауы ұйымдастырылды

«Kayipseiz falamtor» сурет байқауы



Футбол жарысының женімпаздары

Класс жетекшісі: М.Б Телгарина

## **2023-2024 оку жылындағы 6 «Б» сыныбының тәрбие жұмысының жылдық талдауы**

**Жыл басында тәрбие жұмыстарының жоспарлары жасалынып, оқушыларға таныстырылды.**  
2023-2024 оку жылы көлемінде атқарылатын жұмыстар туралы сынып жиналышында айтылып, жоспарлар құрылды. Апта сайын оқушыларға өмір қауіпсіздігі ережелері, жолда жүру ережелері, кешкі уақытта көшеде жүргүре болмайтыны ескертілді.

Сынып оқушылары мектепте өткізілген іс -шараларға ,жарыстарға белсене қатысты.Оқушылардың арасында сабактан себепсіз қалған, оку құралдары түтел болмаған, формасы талапқа сай емес оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді. Сыныптың білім сапасы, оку үлгерімі, тәртібін бақылау мақсатында пән мұғалімдерімен тығыз байланыс жасалып отырылды. Оқу мотивациясы төмен оқушылардың алғашқы кезімен сонғы кездерін анықтай отыра, мадактама айтылды.Сынып сағаты әр аптаның дүйсенбі күні өткізіледі. Тәрбие жұмыстарының бағыттары бойынша сынып сағаттары өткізілді:

**I оку тоқсанында Қыркүйек -Білім айы және Қазан -Алаш азаматтарын ұлықтау айы негізінде Құндылықтар:Талап,Ар ұят,Ұлттық мұdde (Отан) бағытында тәрбие сағаттары өткізілді.**

Сыни және креативті ойлау, жеке және команда мен жұмыс істей білу, жаңаңы тануға құштар болу,адал еңбекті құрметтеу,өзін отбасының ,сыныптың, мектептің, Отанның бір мүшесі екенін сезіну мақсатында тәрбие сағаттары өткізілді.

**1 қыркүйек - Білім күні** «Мектеп–мейірім мекені» тақырыбында білім күніне орай ашық тәрбие сағаты өткізіліп, оқушылардың жаңа оку жылына мақсаттары айқындалып айтылды.



«Ұлттық құндылық тәрбие көзі», «Жол ережесін білеміз бе?» ,«Оз құқығынды білесің бе?» тақырыбындағы тәрбие сағаттарында оқушылар ұлттық құндылықтарға ұқыпты қарау, жол ережесін сақтай білу және өздерінің жеке бас құқықтары туралы пікірлерін ортаға салып ,әңгімелесу түрінде өтті.

Оқушылардың денсаулығына жеке дара көңіл аударылды. Әр апта сайын оқушылардың қунделік дәптерлері тексеріліп, баға қоры есептелінді. Жоспар бойынша сыныппен іс шаралар өткізілді. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі бақыланып отырылды.

Шаңырапқ қауымдастырының ұйымдастырылымен 2 «А», 6 «Б», 9 «А» класс оқушыларымен «Республика ерікті ел Қазақстан» атты концерттік бағдарлама атап өтілді.



Республикалық Отбасы күніне арналған отбасылық спорттық сайысқа 6 «Б» класынан Теретаев Арсен ата анасымен катысып жүлделі I орынға Абжановтар отбасы ие болды.




**II оку тоқсанында Қараша- поэзия айы және Желтоқсан- «Қазақстан Ұлы дала елі» айы негізінде Құндылықтар:Талап,Ар ұят,Ұлттық мұdde (Отан) бағытында тәрбие сағаттары өткізілді.**

Салауатты өмір салтын ұсташу, жананы тануга құштар болу , әдеп нормаларын ұсташу, дұрыс тамактану мәдениетін түсіну, Қазақстан мұддесіне қызмет етуге ұмтылу мақсатында тәрбие сағаттары өткізіліп, окушылармен жұмыстар жүргізілді.

«Досы жақсынын өзі де жақсы» атты тәрбие сағатында окушылар достық, жолдастық тақырыбында ой козғап,өз достары туралы эссе жазды. «Буллингке жол жоқ» атты тәрбие сағаты барысында бейне роликтер көрсетіліп,белен алғып отырған тәртіпсіздіктерден сактану жолдары айтылып,жағдаяттар ұсынылды.

«Мен қандаймын?» атты тәрбие сағаты мектеп психологтарының катысуымен өткізілді. Сергіту ойындары мен «Би терапиясы» жүргізілді. «Денсаулық зор байлық» тақырыбындағы денсаулықтың маңыздылығы, фаст фудтың зияндылығы және дұрыс тамактану туралы мектеп медбикесімен тәрбие сағаты өткізілді.



«Ерлігің ел есінде», «Тәуелсіз елдің ұланымын» тақырыбындағы тәрбие сағаттарында окушылар ұлттық құндылықтарға баса назар аударды. «Еңбеккорлық және оның табысқа әсері» атты тәрбие сағатында еңбектің маңыздылығы туралы, еңбекке деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында, окушылар өз ойларымен белісті.

II жарты жылдық оку тоқсанында Қантар – «Ұлттық код», Ақпан – «Окуға құштарлық» айы және Наурыз - «Ұлттық салт дәстүрлерді дәріптеу» айы, Сәуір - «Экологиялық мәдениет» айы және Мамыр - «Бейбітшілік пен татулық» айы негізінде Құндылықтар:Талап,Ар ұят,Ұлттық мұdde (Отан) бағытында тәрбие сағаттары өткізілді.

Академиялық адалдық қағидатын қолдау,адал еңбекті құрметтеу,Қазақстанның онтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу,Ұлттық мәдениетті дәріптеу,сөзіне берік,ісіне адал болу,технологиялық және цифрлық дағыларды ілгерілету,уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау бағытында тәрбие сағаттары өткізілді.

«Кім болғын келеді?» тәрбие сағаты өткізіліп, окушылар өздерінің ұнатқан мамандықтары туралы сөз көзгады және басқа да мамандықтар туралы мәліметтер алды. «Интернетке қаншалықты тәуелдісін» тақырыбындағы тәрбие сағатында окушылар қазіргі заманғы компьютерлік технологиялар туралы өз білгендерімен белісіп,қажетті ақпараттарды тиімді пайдалану керектігін әңгімелуе барысында айтып берді.

«Бес нәрсеге асық бол» және «Әдепті бала арлы бала» тәрбие сағаттарында оқушылардың бойында адамгершілік, инабаттылық, ұлы Абайдың өлеңіндегі бес асыл қасиеттерін бойларыңа сініру туралы өз ойларын ортаға салды. «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» атты тәрбие сағатында оқушыларға зорлық зомбылықтың балалық кезенге тигізетін әсері туралы ақпарат алды. «Ата баба дәстүрі», «Отбасы алтын дінгек» тәрбие сағаттарында ата аナンЫ құрметтеу, салт дәстүрді дәріптеу бағытында өз ойларын айттып, отбасында олардың орны туралы, отбасындағы дәстүр туралы әңгімелесу жүргізді.

«Наурыз жыл басы» тақырыбындағы тәрбие сағатында қазақтың ұлттық мейрамы туралы, ұлттық тағамдарын, әдеп ғұрпын сактау туралы мәліметтер беріліп, сонымен қатар оқушылардың ән, билері тамашаланды. Сыныпта Наурыз көже мен ұлттық тағамдардан дастарқан жайылып, ер балалар қол күрес, асық ату ойындарымен бақ синасты.




«Фарыш әлемі», «Экологияны таза ұстайық» атты тәрбие сағаттарында оқушыларға кеңінен мәліметтер беріліп, өз ойларымен белісті.

«Салауатты өмір көтерінкі қоңіл» атты тәрбие сағатында оқушылар бойына салауатты өмір салтын дарыта отырып, деңсаулықты сактау, жеке бас гигиенасы туралы мәліметтерді атап, өмірге қажеттілік кестесін толтырды.


Ата аналар жинальстары «Баланың бас ұстазы ата ана», «Отбасы және тәрбие бастауы», «Үштік одак: ата ана, мұғалім, оқушы арасындағы қарым қатынасты жақсарту» тақырыптарында өткізілді. Ата аналарға саяулама жүргізіліп, баяндамалар оқылды, ата аналар комитеті сайланды. Түрлі жағдаяттар талқыланып, «Bilim klass» туралы ақпараттандыру жүргізілді. Эр тоқсан сайынғы оқушылардың үлгерімдері, тәртіппері туралы айттылды. Жыл бойы ата аналар сынып жетекшімен тығыз байланыста болуы керектігі ескертілді.

Мектепішілік әкелер клубы да апталық өткізіп, сынып әкелері белсененділік танытты. Ақтөбе облысының білім басқармасының хаттамасы негізінде мектебімізде ата аналардың кезекшілігі құрылды. Сынып ата аналары кезекшілік міндетін атқарды.




**«Мектеп, ата ана, бала арасындағы байланыс»** атты 2023-2024 оку жылшының қорытынды жалпы мектепшілік ата аналар жиналысында Ерланұлы Дарынжан, Серікқызы Інжу және Йбраим Қуаныштың ата аналары мектеп директорының алғыс хатымен марапатталды.

2023-2024 оку жылшының қорытындысында бірыңғай сынып сағаты өткізілді. Тәрбие сағаты Өнүранмен басталып, КР Оқу-агарту министрінің құттықтау сезінен соң, сілтеме арқылы видеоролик қаралды. Сонымен катар сыныптың жыл бойы білім жетістіктері мен тәрбие тағылымы бойынша бір минуттық бейнеролик көрсетілді. Эр оқушының ерекше тұстарына назар аударылып, мадақтамамен марапатталды. «Білімді жастар ел болашағы» атты білімділер шеруінде сыныптағы оку үздіктері: Саматқызы Мәдина, Серікқызы Інжу, Қапан Нұрбакыт, Ошақбай Айзере және Мухамбеткалиева Нармин марапатталды.



Оқушылар тәрбие сағаттарынан бөлек мектепшілік және аудандық шараптарға катысып, өз белсенделіктерін көрсетті. Аудандық шара «Жас жол сақшылары» сайысына сыныптың оқушылары өз өнерлерін көрсетті. «Жас санитар» атағын Ошақбай Айзере мен Саматқызы Мәдина жеңіп алды. Қапан Нұрбакытта велосипедпен кедергілер арасынан өтуден алдыңғы қатардан көрінді. Командалық есеппен мектебіміз жүлделі 2 орын иемденді.

Сондай ақ сиынп оқушылары «Абай» пәндік олимпиадасы, «Ақбота 2024» зияткерлік олимпиадасы, «BIIGEN ALAMAN» Республикалық олимпиадасы, «Алтын сақа» олимпиадасы және де пәндер апталығының өткізген түрлі сайыстарына катысып, жүлделі I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталды.



Қорытындылай келе, осы оқу жылында қойылған тәрбие мақсаты жүзеге асты. Ата аналар мен педагог бірлескен жұмысының нәтижесін жеткізу мақсатымен барлық тәрбие сағаттары мен ата аналар жиналыстары уақытында қанағаттанарлық деңгейде өтті.

**Класс жетекшісі: М.Б Телгарина**